

ИСЛАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШАРИАТ ЗАҢДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ МАЛ-МҮЛІК ҚАТЫНАСТАРЫ ҚҰҚЫҒЫНА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ

Жанғазиева А.Н.

В данной статье автор рассматривает влияния норм Ислама и законов шариата на обычные имущественные правоотношения казахов.

In this article the author considers the influence of Muslim standards and Shariah rules on usual property law – relations of Kazakh.

Өткен тарихымызға көз салсақ, ислам діні және оның шариат заңдары қазіргі Қазақстан аумағына VIII-IX ғасырларда кеңінен тарала бастаған. Оның үстіне ислам діні бұл арада тұратын тайпа-руларға күштеп енгізілмеген. Рас, отырықшы Орта Азиялық аумақтардағы Самархан, Бұхара төңіректерін мекендеген тайпаларға күштеп соғыспен ислам дінін таратқаны белгілі.

Қазақстан аумағында көшпелі тұрмыспен күнелткен тайпа-рулар ежелден-ақ бір Құдайға – Тәңірге иланып, өзге халықтардай отқа, Күнге, пұттарға табынбаған. Сол себепті исламдық сеніммен тұрғылықты тайпалардың сенімдері өзара онша кереғар емес еді. Қазақстан аумағындағы тайпалар арасында қалыптаса бастаған феодалдық қарым-қатынастарға бұл діннің кері әсері болмай, қайта ол қоғамдық қарым-қатынастарды жандандыруға игі әсер етті. Бұрынғы Тәңірі сенімі Аллаға ауыстырылуы нәтижесінде ислам дінінің шариат заңдары Қазақстанда тұратын ру-тайпалардың әдет-ғұрып құқығын бұрынғыдан да құлпыртып, толықтыра, кемелдендіре түсті, феодалдық қатынастардың өзіндік ерекшелігімен сипаттарға ие түрімен өзгелерге ұқсамайтын даму жолын онан әрі дамыта түсті. Ол өзгешеліктер қазақ қоғамының құқықтық, өмір сүру салаларында айқын сақталды. Мысалы, ежелден келе жатқан билер соты мен билік, әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрлер өз сипаттарын сақтап қалды. Бұл ерекшеліктердің жалпы исламдық талаптарға қарама-қайшылығы жоқ болатын.

«Сол себепті де қазақтардың әдет-ғұрпы көп жағдайларда исламдық түр алмай немесе шариат заңдарымен жүрмей, өзінің бұрынғы болмысын сақтап қалды. Мұны әсіресе, дау-дамайлардың шариат сотымен емес, билер сотымен шешілуінің өзі әбден дәлелдейді. Ислам дінімен бірге зиялылық

қоса келіп, білімге жол ашылды. Медресе, мешіттер ашылды, білім жүйелі түрде оқытыла бастады. Тілімізге араб сөздері үрдіс еніп, шәкірттер арасынан әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Яссауи, Жүйнеки, Сығанақи, Жауқари т.б ғұлама ғалымдар өсіп шықты. Құқықтық терминдер: құқық, айып, жаза, қағида, әдет-ғұрып, кінә т.б. көптеген сөздер төл сөзімізді құрап, тілімізді байыта түсті» [1].

Біз христиан, будда, шамандық наным-сенімдердің кейін қазақ халқын құраған тайпаларға әсері онша болмағанын, тек шамандық наным-сенімдегі бақсы-балгерлік көрініс бергенімен, оларға қазақ халқы күле қарап, тек ауру-сырқауларын қаратты. Бақсы өлсе, оны қабірстанға қоймай, бөлек жерлеуі де ол наным-сенімді мойындамағанын көрсетеді. Ұлы ақынымыз Абайдың:

Атадан алтау,

Анадан төртеу,

Жалғыздық көрер жерім жоқ.

Ағайын бек көп,

Айтамын ептеп,

Сөзімді ұғар бірі жоқ.

Моласындай бақсының,

Жалғыз қалдым, тапшының [2] –

деп жырлауы да сол себепті.

Ал, отырықшы Орта Азиялық түркі тайпаларына христиан діні III ғасырдың басында келіп, Мерва, Хорасан, Самарқанда орталықтарын ашып, халықты өз дініне тартқаны белгілі [3]. Ол жерлерде монастрлар ашып, үгіт-насихаттарын үзбей жүргізген. Тіпті, Қазақстандағы Тараз, Меркі қалаларында шіркеулер салғанымен, бұл арадағы тұрғындар ол дінді қабылдаған емес.

Қайта IX-X ғасырларда қарахандық мемлекет ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялаған. Көптеген зерттеушілер шындықты бұлтарып, қазақтарды христиан, будда, шаман, заоистік наным-сенімдерді ұстанған деп шатастырады. Қазір Қазақстандағы тұрғындардың 72 пайызы мұсылман болуы, әсіресе, қазақтар патшалық Ресей тұсында күштеп-зорлағанымен, өзге дінге өтпегені, өздерінің наным-сенімдеріне беріктігін дәлелдейді. Қазақстан аумағында көшіп-қонған тайпа-рулар ру-ру болып, өз жақын туыстарымен көшіп-қонып жүргенімен, кез келген қоғамдық көкейтесті мәселелерді көп болып, ақылдасып шешіп отырған. Өйткені, «Ақылдасып шешіп-пішкен тон келте болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса,

төбедегі келеді» деген қағидаларды бұл тайпалар ерте түсінген. Бұлай тіршілік етпесе, ұлан-асыр далада сапырылысқан өзге этностардың зорлығына душар болары сөзсіз еді. Ауызбіршілік, ынтымақтық желістерін күшейте отырып, еркін, бос, бейбіт өмір сүруге әбден болатынын сезініп, әдет-ғұрып қағида-ережелерін сол желіске мықтап бейімдеп, қалыптастырған.

Әсіресе, кейін қазақ халқын құраған тайпа рулар нәсілдік шарттылықты ұстанып, ертеден-ақ жақын руластар өз ішінде қан араластырып, жеті атаға дейін қыз беріп, қыз алыспаған. Өзге діндер түгіл, ислам да бұл дәстүрді бұза алған жоқ.

Бұлар басқа ұлыс, басқа рудан қыз алысып, ақыры ұлан байтақ кең далада емін-еркін мыңдаған шақырым көшіп-қонып жүрген әрі өзара құда-құдандалы болып, туыстасып кеткен. Осыдан келіп «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық» деген қағида өрбіп, бір-бірінің қадір-қасиетін түсінетін сипатты иеленді. Ат жалын ерге тартып мінген жігіттің «қайын жұрты», «өз жұрты» және «нағашы жұрты» деп аталып, үш жұрттың нәтижесі, ақырында «қарға тамырлы қазақ» болуына, бір-біріне жәрдемдесіп, осынау дәнекер дәстүрдің суалмауына жол ашты. Міне, осы үш жұрттан құралған халық өз намысын қолдан бермей, «бүлінген елден бүлдіргі алмай», өздерінің ішкі тәртіптеріне терең мән берді. Өзара алыс-беріс жасаған кез келген қазақ батыстан-шығысқа, оңтүстіктен-солтүстікке дейінгі аралықта емін-еркін жүре алады.

«Ал, ислам діні томаға-тұйық өмір сүрген тайпа-рулардың өзара тез тіл табысып, саяси-экономикалық, рухани-әлеуметтік байланыстарын күшейтуге жол ашып берді. Тайпалық айырмашылықтар бірте-бірте жоғалды, халықтық қасиеттер молая түсті. Нәтижеде экономикалық-мәдени тұтастықтар және тіл мен ділдегі ұқсастықтар кейіннен қазақ халқының қалыптасуына әкелді. Бұлардың тұрмыс-тіршілігі, идеологиясы күнделікті отбасынан басталып, қоғам ішінде қолданылатын заң-қағидалары ежелден келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа сіңіріле берілген «ата-баба жолы», «жөн-жосық», «жол-жоба», «ақсақалдар ережесі», «жарғы» секілді жазылмаған заңдармен тікелей араласқан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен астарласқан сипатта толыса түсті» [4].

Рас, исламдық заң-қағидалар пәк күйінде көшіріліп алынған жоқ. Исламға қарама-қайшы жақтары бірте-бірте өз мәнінен айырылып, ығыстырылды, не болмаса жаңа мазмұндағы исламдық сипат алды. Мысалы, ата-баба аруағына сыйыну сияқты ежелден келе жатқан дәстүрге исламдық сипат беріліп, оларға өлілер мен тірілер, Алла менен тірілер арасын байланыстыратын күш берілді. Аруақтарға ерекше мән беріліп, бейсенбі, жұма күндері Құран оқытылып, иіс шығаратын болды. «Өлі разы болмай, тірі байымайды», «Аруақты аттаған оңбайды», «Аруақ атсын» деп аруақтарды разы етуге тырысты.

Араб миссионерлері көшпелілердің бұрыннан бар заң-қағидаларының Құран талаптарына қайшы келмейтінін, қайта адамзат балаларының ізгі мұраттарына дәл келетін демократиялық сипаттарға толы екенін көре білді. Оны қоғам ішінде әдемі жүзеге асырушы – билер мен олардың билік сотына қарсылық етпей, қазылық жолмен шариат заңдарымен сот істерін жүргізуді талап етпеді.

Көптеген ежелгі құқықтық дәстүрлер өз сипатын сақтап қалды. Тіпті отбасы құқығы, азаматтық және қылмыстық құқықтар өз сипаттары мен мазмұнын сақтауы, бұларды реттейтін қағида-ережелердің шариат заңдарымен ұқсасып жататындығы еді. Бұл таңқаларлық жағдай. Мысалы, жеті атаға дейін қыз беріп, қыз алысуға тыйым салу, қалыңмал, әмеңгерлік, билік пен билер соты, адам өлгенде киімін, жетісін, қырқын, жүзін, асын беру, әлеуметтік теңсіздіктерді болдырмайтын асар, жылу, жұртшылық, т.б. институттарды айтуға болады.

Бұл қазақи тайпалар мен рулардың исламдық шариат сот жүйесіне ұқсамайтын тағы бір ерекшелігі сот істерін жүргізуі, оны жүзеге асыруы еді. Қоғамдағы болып тұратын талас-тартыс, дау-жанжалдан бастап, әр түрлі қылмыстық іс-әрекеттерді ежелден-ақ билер көпшілік алдында шешіп отырған.

Қазақ әдет-ғұрып құқық жүйесі қазақ халқының ғана емес, барлық түркі тілдес көшпелі өркениеттің мәдени байлығы болды. Ол мың жылдық тарихы мен ерекшелігі және өміршеңдігімен, адам еркіндігін, теңдігін, адамгершілікті жақтаған сипаттарымен көзге түсті. Сол көне заманның өзінде-ақ басқа көптеген мемлекеттерде болмаған өз Солондары, Ликурттері, Платондары, Аристотельдері, халық арасында әділдігі мен ақыл-парасаты үшін зор беделге ие болған, соттық функцияларды атқарған шешен, данышпан билері көп болған. Ол заманның көшпелілерінің өзі жөн сөзге тұратын еркін психологиясы бар, дәстүрлі мәдениетті қызу қолдаушылар болды. Олар өзін-өзі басқару дәстүрін қалыптастырып, дүние танымы шырқай көкке көтерілгендер болатын.

Билер – халықтың тірі шежіресі, заңгері әрі заң шығарушысы ғана болмай, шешендік пен әділдікті қатар ұстап, бір мезгілде бірнеше қызмет атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық және адамгершілік. Сондықтан да бізге талай-талай отауызды, орақ тілді билер туралы деректер көптеп жетуі ойымызды теріске шығармайды. Осы деректерге зер салсақ, әрбір рудың өз намысын жыртар билері көп болғаны даусыз.

«Билердің билік айту тәжірибесі қараған істердің саны өсіп, сапасы жақсарған сайын арта түскен. Осы тәжірибе қорытындыларын, белгілі бір қоғамға ең қажетті, мүдделерін қанағаттандыратын шешімдерді үлгіге алып, жалпы ереже қабылдап отырған. Атақты да әділ билердің шығарған шешімдері басқаларына үлгі-өнеге болып, маңызды да әділ төрелігі

берілген шешімдер ауыздан-ауызға тарап, халық жадында ұзақ сақталған. Билер кеңесі заң шығару қызметін атқарған. Кеңестерде шығарылған шешімдер бүкіл халық, тіпті хан да бас иетін заң іспетінде саналған» [5] деп толғайды заңгер Н. Өсерұлы.

Шындығында да сөзге ділмәр, өз тарихын да, тағдырын да, тәлім-тәрбиесін де, даналығын да, қайғы-қуанышын да билер өз мойнына сыйғызған. Қоғамда билер араласпаған ешнәрсе болмаған. Болған қылмыс пен келтірілген зиян міндетті түрде өндіріліп, қылмыскер жазаланған. Бүкіл қоғам болып қылмыс атаулыға, тәртіп бұзушылыққа өре тұрған. Меншік қатаң қорғалып, жеке меншік қағидалары күшейтілген. Жазалау түрлері: дүрелеу, өлім жазасы, масқаралау, айып салу, аяғына жығу. Енді біз осы заңдарды екшелей отырып, шариат заңдарымен ара-қатынасын сөз етейік.

Ең ауыр қылмыс – кісі өлтіру. Шариат та, қазақ әдет-ғұрпы да біреудің қанын нақақ төгушілермен аяусыз күрескен. Өйткені, әркім жарық дүниеде өмір сүруге құқылы.

«Жеті жарғының» бірінші бабы «Қанға – қан, жанға – жан» деп басталады. Мұндай қағида барлық халықтарда да бар болған. Бұл дәстүр бойынша біреудің өмірін үзгенді міндетті түрде өлтіру көзделген. Оны жәбірленуші жақ жүзеге асырған. Руласының кегін қайтарып, қанды қанмен жумаса, онда бүкіл руластарына намыс саналған. Ал, туыстары қылмыскерді қорғамай, оны жәбірленуші жаққа ұстап беру де зор намыс болатын. Осыдан барып екі ру арасында өлім бітпес дау мен өшпенділікке айналатын. Кейде осындай екі рудың дау-жанжалына үшінші бір ру (яғни, нағашы, жиен, құда-жекжат) қосылып, қоғамды қатты күйзелтетін. Сондықтан да билер адам қаны үшін «құн» алуды енгізіп, құн институтын дүниеге келтірді.

Ислам дінінің басты қайнар көзі болып табылатын Құранда кешірімді болуға, бітімге келуге шақырады [6]. Біздің қазақтар да «Алдыңа келсе, атаңның құны болса да кешір», «Кешірімді бол», «Иілген басты қылыш кеспейді» деген мақал-мәтелдер шығарып, кешірімді болуға, «құн» алып, бітімге келуге шақырады. Сөйтіп, исламдық шариат заңы да, қазақ әдет-ғұрып заңы да «Қанға – қан, жанға – жан» дәстүрін құнмен алмастырған. Бұл өте дұрыс, ақылға сиымды шешім. Өйткені, өлтірілген адамның артында отбасы, әйел мен бала-шағасы қалады. Олар асыраушысынан айырылады. Бұл – бір. Екінші тараптан құнды бүкіл руластары төлейді. Сол үшін араларында кісі өлтіруші болмауларын өздері қадағалайды. Бұл дәстүрді қазір де қолдансақ, оның зияны болмайды. Құн мөлшері шариат заңында да, қазақ әдет-ғұрпында да бірдей.

Біз негізінен меншік құқығын саралайтындықтан, енді сол қағидаларға көз жүгіртейік.

Мүлік құқығын сөз еткенде екі заң да (шариат және әдет-ғұрып заңдары) басқаның жеке меншігіне қол сұғушыларға қатаң қарап, аяусыз

жазалайтынын көреміз. Шариатта басқаның иелігіндегі мал-мүлікті ұрлаушыларға, иемденушілерге қатал жаза қолданып, қолын кеседі. Ал, қазақ әдет-ғұрып заң нормалары айып тартқызып, материалдық жауапкершілік жүктейді.

Мал-мүлік құқығының басты жиналу қоры мұра мен мұрагерліктен құралатындықтан, шариат заңы оған мұқият маңыз бере қарастырады. Өйткені, әділдік, заңдылық, өзгенің ақысын жемеу мұра мен мұрагерліктен жарқын көрініс табады. Мұсылмандық құқық – шариаттың бір ерекшелігі ата-ананың мұрагерлер санын азайтуға құқығы жоқ. Егер бірнеше мұрагері болса, онда мұраны біреуіне беріп, өзгелерін шет қалдыра алмайды. Мұра бөліскенде ұл да, қыз да, құл да, күң де өзіне тиісті дойын ала алады.

Шариат бойынша мұра бөлгенде төрт нәрсеге көңіл аударады:

- 1) Мұрагерлікті алу құқықтары;
- 2) Мұраға ие болуға кедергі келтіретін себептер;
- 3) Жақын туыстары тарапынан мұрадан шет қалдыру;
- 4) Мұраны бөлудің тармақтары.

Мұрагерлік құқыққа біріншіден, туыстық жағынан, екіншіден, тағайындаумен ие болады.

Туыстық үш дәрежеде болады:

- 1) әке-шешесі мен балалары;
- 2) аға-іні, апа-қарындастары және ата-әжесі;
- 3) анасы мен әкесі жағының туыстары.

Мұрагерлікті иеленуге кедергі келтіретін себептер:

- 1) кәпір адам мұрагерлік мүлікке ие бола алмайды. Мысалы, атасы мұсылман, баласы кәпір, немересі мұсылман болса, атасының мұрагері ретінде әкесін аттап, немересі мұрагер болады;
- 2) Артында мұсылман мұрагері болмай, кәпір мұрагері қалса, мүлік имамға өтеді;
- 3) діннен безгендер өлтіріліп, мүлкі мұсылман туыстарына өтеді, ал мұрагері болмаса имамға өтеді.
- 4) Кісі өлтірген адам мұрагерлік құқықтан айырылып, мұрагер бола алмайды.
- 5) Алынған құн өлгеннің жеке меншігі саналып, мұрагерлік жолмен бөлінеді.

б) Мұра бөлінгенде бір мұрагер ұшты-күйлі хабарсыз кетсе, қазы өз шешімімен мерзім белгілейді. Сол мезгіл өткеннен соң, мирасқор өлген деп саналып, мұра қалғандарына бөлінеді [7].

Мұраны бөлу өте күрделі болып, мұра үшін талас-тартыс, жақын туыстар бір-біріне дұшпандық жасау, айла мен алдаулар Еуропа, т.б. елдерде жетерлік. Ал, әділдік, заңдылық қатаң сақталған мұсылман елдерінде талас-тартыс, өкпе-наз өте сирек көрініс береді.

Ал, қазақ қоғамында мұра, мұраға таласу мүлдем болмаған. Ондай талас-тартысқа әдемі ойлап-пішілген қағида ережелер мен институттар жібермейді. Ол институтта: енші беру, әменгерлік және рулық жүйе. Сол үшін қазақ әдет-ғұрып құқығында шарият көрсеткендей, нағашы жұрты, яғни әйелінің туыстары мұраға таласа алмайды. Өйткені, енші алған ұлдары мен жасауын алған қыздары әке мұрасына таласа алмайды.

Мұра мен мұрагерлікті қарайтын қазы (сот) мұрагерлердің мүліктік құқығын сараптап, анықтап, мұрагерлердің мұрагерлік дәрежесіне қарай шешім шығарады. Алдымен бірінші дәрежедегі мұрагерлер (олар ата-ана, балалары, немерелері) жоқ болса, екінші дәрежелі мұрагерлерге, ал ол да жоқ болса, үшінші дәрежелі мұрагерге, тіпті олар да жоқ болса, онда мұра имамға өтеді.

Ол былайша бөлінеді: бірінші дәреже бойынша – егер ата-анасы, балашағасы, немерелері бар болса, солардың әрбіріне тиісті дойын (бөлігін) береді. Ал, егер әке-шешесі өліп, балалары жоқ болса, олардың ата-анасы иеленеді. Ондайда сегізден бірін әжесі, қалғанын атасы иеленеді. Ал балалары бар болса, онда ата-әжесі мұраның алтыдан бір мөлшерін ғана алып, қалғаны балаларына тиесілі болады. Ата-әжесі болмаса мұраның барлығы балаларына тиісті болады.

Біз мынаны ескергенді жөн көрдік. Немерелері ата-әжесі бар кезде ешқандай мұра құқығына ие бола алмайды, тек балалары ғана алдын мұраға ие болуға құқылы.

Екінші дәреже бойынша былайша шешіледі: марқұмның соңында аға, інісі болса, мұра соларға тиісті. Олар бірнешеу болса, мұраны тең бөліседі. Егер бір ұл, бір қыз қалса, мұраның екі бөлігі ұлға, бір бөлігі қызға беріледі. Олар жоқ болса, мұраға ата-әжесі ие болады. Ал егер өлгендердің артында ерінің де, әйелінің де әке-шешелері қалса, мұраның үштен екісін ерінің ата-анасы, әйелдікі бір бөлігіне ие болады.

Үшінші дәреже бойынша бірінші және екінші дәрежелі мұрагерлер болмаса, өлгендердің аға-іні, апа-сіңілілеріне беріледі. Бірақ, мұра тек екі жақтың еркек кіндіктеріне беріледі. Қыздар жағына берілмейді.

Ері өлсе, әйелі қалса, мұраға әйелі, ал әйелі өліп, ері қалса ері мұраға иелік етеді.

Шариат заңы хюнарға (гермофродиттерге) де арнай баптар карастырған. Яғни, адамның еркектік те, әйелдік те сипаттары болса, онда ол ерге шықса әйел құқығына, әйел алса еркек құқығына ие болады.

Шариат соты істі жүргізгенде мұраны қозғалмалы не қозғалмайтын, бөлінетін не бөлінбейтін бөлігін ақылмен әділ бөліп, бағасын шығарып барып шешім шығарады. Егер затты бөлгенде бұрынғы қадір-қасиетін, сипатын жоғалтады деп тапса, бағалап, бағасын шығарады.

Егер өлгеннің соңында қарызы қалса, мұрагерлер алған үлесінен қарызды қайтарулары міндетті.

Мұсылмандық құқық мұра мен мұрагерлікке аса жауапкершілікпен қарайды. Сол себепті Еуропадағыдай талас-тартыс, соттасу болмайды.

Мұра мен мұрагерлік – прогрессивті құбылыс. Ол байлықтың бір адамның қолына топталуына кедергі келтіреді.

Сөйтіп, ислам діні енуі нәтижесінде адам бойында мейірімділік, әділдік, құдайдан қорқу секілді рухани т.б. тәртіп заңдарымен толығы түсті. Әсіресе, қазақ қоғамындағы жағымсыз іс-әрекеттерге тосқауыл қойылды. Ондап, жиырмалап әйел алуға шек қойылды. Зінәқорлық түс алды, әйелдердің құқықтары кеңейтіле түсті.

Қазақ әдет-ғұрпы бойынша меншік иесі өз мүлкін: жерін, үйін, мал-мүлкін, қажет болса дене күшін де жалға бере, басқаны жалдай алған. Жеке меншіктік мүлік шариат заңдарында да қатаң қорғалды. Адамның көзі тірісінде оның меншігіндегі мал-мүлкіне ешкімнің қол сұғуға құқы болмады. Ол өзі өлер алдында өсиет арқылы бере алған.

Белгілі заңгер Н. Өсерұлы: «Өзі өлгеннен кейін өзінің жеке меншігіндегі мал-мүліктің белгілі бір бөлігін басқа біреуге өсиет етіп беретін міндеттемені өсиет айту дейді» [8] – деп жазады.

Ислам діні бойынша өсиетке қатысты арнайы ережелер мен баптар енгізілген. Өсиет етілетін мүлік талас-тартыс тудырмайтын болуы үшін:

- өсиет етіліп отырған зат өсиет иесіне тиесілі, заңды, адал болуы қажет;
- өсиет етілген зат түгел керек-жарағымен берілуі тиіс;
- өсиет етуші мұрагерден өзгеге мал-мүлкінің үштен бір бөлігінен артық өсиет ала алмайды;
- өсиет жолымен алынған мүлік, сол адамның жеке меншігі болып табылады;
- өсиетпен алынған мүліктен зекет, хумс, ушр, т.б. салықтар төленбейді.

Сол секілді өсиет айтушы адам ақыл есінде болуы керек. Әрі өсиеттеген адам мен мал-мүлікті анық көрсетуі қажет. Тіпті ана құрсағындағы нәрестеге де өсиеттеуге болады.

Ислам діні бойынша өлім алдындағы өсиеттің жасалуының шарттары бар, яғни өсиет екі куәнің қатысуымен жазбаша немесе ауызша жасалады. Бұл екі түрінің бір-бірінен артықшылығы болмайды.

Өлгелі жатқан адам өсиетті бірнеше рет өзгертіп айтса, ең соңғы айтқаны заңды деп саналады. Бірақ өлгелі жатқан адам өз айтқанына толық жауап бере аларлықтай, есінде болуы тиіс.

Өсиет бойынша талас туса, куәлер келтіріледі. Мұрагерлер өз дәлелдерін нақтылап, дәлелдеу үшін ант ішеді.

Өсиет айту өлім алдында айтылатындықтан, өсиет айтатын марқұм болғаннан кейін ғана айтқан өсиеттегі міндеттемелер жүзеге асырылады. Әрі өсиет өзгеріссіз түрге айналады.

Қазақтарда ислам дінінің енуіне байланысты өсиет айту маңызды орын алып, мұсылмандық сипатқа ие болды. Бірақ, бұл екі құқықтық жүйе де мұрагерлікті алу құқықтарын атап көрсеткенде мұраның туыстық жағынан тиесілілігін және тағайындалу жолдарын көрсетеді.

Шариат заңының қазақ әдет-ғұрып заңындағы мұра мен мұрагерлік институтына тигізген әсерін А. И. Левшиннің: «Духовные завещания делаются при родственниках и муллах» [9] деген дерегінен көре аламыз.

Шариат заңы сияқты қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша мұралыққа ие болуға қайтыс болған адамның балалары, ата-анасы, бірге туған аға-іні, апа-қарындастары, тіпті ешкімі болмаса, аталас ағайындары иелік ете алады.

Әдебиеттер:

1. Өсерұлы Н. Шариат. – Алматы: Қайнар, 1996. – 352 б.
2. Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1997. – Т. 2. – 161 б.
3. Приходько Г. История христианства в Казахстане и Средней Азии в средние века. – Караганда, 2000. – 345 с.
4. Зиманов С., Өсеров Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері. – Алматы, 1998. – 233 б.
5. Өсерұлы Н. Қазақтың үкім-кесімдері. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 104 б
6. Құран. 5 томдық / Аударған Н. Өсерұлы. – Алматы, 1993. – Т.4. – 656 б.

7. Өсерұлы Н., Аққошқарова А. Мұсылмандық негіздері. – Алматы, 2001. – 150 б.
8. Өсерұлы Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсерін зерттеу: Заң.ғыл.д-ры ... дис.: 12.00.04. – Алматы, 1997. – 232 б.
9. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / Под общ. ред. М.К. Козыбаева. – Алматы, 1996. – 369 с.